



Ә. Бүркітбаев атындағы энергетика және машина жасау институты
Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

7M07503 Сапа менеджменті және диагностика әдістері
мен жүйелері (салалар бойынша)
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және жіктелуі: 7M07 «Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары»

Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі: 7M075 «Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)»

Білім беру бағдарламалар тобы: M130 «Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)»

ҰБШ деңгейі: 7

СБШ деңгейі: 7

Оқу мерзімі: 2 ж.

Кредит саны: 120

Алматы 2025

Білім беру бағдарламасы Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілді.

2025 жылғы «06» 03 № 10 хаттама

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында каралып, бекітуге ұсынылды

2024 жылғы «20» 12 № 3 хаттама

«7M07503 Сапа менеджменті және диагностика әдістері мен жүйелері (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы «7M075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)» бағыты бойынша академиялық комитетте әзірленді

Тегі, аты-жөні	Ғылыми дәрежесі/ ғылыми атағы	Лауазымы	Жұмыс орны	Қолы
Академиялық комитет төрағасы:				
Аймағамбетова Раушан Жанатовна	Магистр	Стратегиялық даму және ғылым басқармасы басшысының орынбасары	РМК «КазСтандарт»	
Профессор-оқытушылар құрамы:				
Татыбаев Мухтарбек Калмурзаевич	Педагогикалық ғылымдар кандидаты	А.Бүркітбаев атындағы энергетика және машина жасау институты директорының орынбасары	Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	
Омарова Жансая Бағдатқызы	PhD	Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасының қауымдастырылған профессоры	Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	
Жұмыс берушілер:				
Аймағамбетова Раушан Жанатовна	Магистр	Стратегиялық даму және ғылым басқармасы басшысының орынбасары	РМК «КазСтандарт»	
Білім алушылар:				
Молдабекова Аружан Нұржанқызы		Магистрант, 1 курс	Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	

Мазмұны

Қысқартулар мен белгілердің тізімі

1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы
2. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері
3. Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар
4. Білім беру бағдарламасының паспорты
- 4.1. Жалпы мәліметтер
- 4.2. Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы

Список сокращений и обозначений

БББ – білім беру бағдарламасы
ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері
СБШ – салалық біліктілік шеңбері
ОН – оқу нәтижелері
БП – базалық пәндер
ЖК – жоғары оқу орны компоненті
ТК – таңдау компоненті
ТДМ – тұрақты даму мақсаттары

1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

7M07503 – "Сапа менеджменті және диагностика әдістері мен жүйелері (салалар бойынша)" Бұл іскерлік тәжірибемен тікелей байланысты мамандарды дайындау, сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудитін, стандарттау және сертификаттауды жоспарлау, дайындау және жүргізу саласында мамандарды дайындау саласы. Ол оқытудың ғылыми- педагогикалық бағыты бойынша білім беру бағдарламасы болып табылады және 2 жылдық оқуға арналған. Оқу төрт семестрге созылады, ол терең білім беретін және өзгермелі және бәсекеге қабілетті ортада пайдалану үшін озық дағдыларды дамытатын инженерлік магистр дәрежесімен аяқталады.

Бұл БББ магистранттарды менеджмент саласындағы міндеттерді орындауға және сапа менеджменті жүйелерінің заманауи үлгілерін әзірлеуге, енгізуге және пайдалануға, өнімдер мен қызметтердің сапасын арттыру мәселелерін шешуге, сондай-ақ қолданыстағы сапа менеджменті жүйелеріне кеңес беру және аудит жүргізуге дайындайды. Ол сапаны бақылаудағыларын меңгеруге, ақаулардың себептерін талдауға және өтімді емес өнімдерді азайту бойынша ұсыныстар әзірлеуге және шығындарды азайту және өнімділікті арттыру үшін бизнес-жоспарларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

2. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

БББ мақсаты: Кәсіпорындар мен ұйымдардың кез келген салалық тиесілігі мен ұйымдастырушылық нысандарына қарамастан, олардың қызметін талдау және сапасын жақсарту, сондай-ақ басқару жүйелерін жетілдіру саласында жоғары білікті мамандарды даярлау. Бұл ғылыми зерттеу әдістеріне негізделген сапа менеджменті жүйесінің қағидаттары мен тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мұның өзі басқарудың тиімділігін арттыруға, бәсекеге қабілеттілікті көтеруге, инновацияларды енгізуге және тұрақты даму мен бизнес-процестерді оңтайландыру арқылы Тұрақты Даму Мақсаты 9 қол жеткізуге ықпал етеді.

БББ міндеттері:

1. Студенттердің жалпы сапаны басқару жағдайында өнім өндіру мен қызметтерді көрсетудегі материалдық және ақпараттық ағындарды басқару құзыреттілігін дамыту;
2. Студенттің сапа менеджменті жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті әрекеттерді орындау құзыреттілігін дамыту;
3. Студенттерде ұжымдық жұмыс дағдыларын, өндірістік және этикалық жауапкершілікті, әртүрлі мамандармен жұмыс істеу және қарым-қатынас жасау қабілетін және олардың білімі мен біліктілігін арттыру қажеттілігін дамыту;
4. Студентте өндірістік процесте бақылау және сынауды жүзеге асыру қабілетін дамыту;
5. Студенттің өнімдер мен қызметтердің сапасын жақсарту бойынша іс-

әрекеттерді жүзеге асыру қабілетін дамыту.

6. Оқушының өнім сапасын диагностикалау мен талдаудың заманауи әдістерін қолдану, сондай-ақ әртүрлі салаларда сапаны бақылау және жақсарту үшін заманауи құралдар мен технологияларды пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

3. Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар

Магистратураны дайындаудың соңғы кезеңінде магистрлік диссертацияны аяқтау және қорғау көзделеді.

Магистрлік диссертация қорғалатын оқу пәндері жоғары кәсіптік білімнің қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен айқындалады.

Магистрлік диссертация ғылыми жетекшінің жетекшілігімен өз бетінше жүргізілген зерттеудің нәтижесі болып табылады.

Магистрлік диссертация Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының отырысында қорғалады.

Білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингі, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Теориялық оқытудың кемінде 120 академиялық кредитін және қорытынды магистрлік диссертацияны аяқтай отырып, негізгі жоғары білімнің білім беру және кәсіптік бағдарламасы бойынша оқу жоспарын толық аяқтаған, магистрлік диссертацияны сәтті қорғаған тұлғаларға жоғары білім туралы диплом беріледі. біліктілігін берумен және «Техникалық ғылымдар магистрі» академиялық дәрежесін берумен .

Сондай-ақ бітірушіге диплом қосымшасы беріледі, онда оқылатын пәндер бойынша қорытынды емтихан және сынақ бағалары, магистрлік диссертацияның тақырыбы көрсетілген магистрлік диссертацияны қорғау бағасы көрсетіледі.

4. Білім беру бағдарламасының паспорты

4.1. Жалпы мәліметтер

№	Өріс атауы	Ескертпе
1	Білім беру саласының коды және жіктелімі	7M07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
2	Дайындық бағыттарының коды және жіктелімі	7M075 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	M130 Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
4	Білім беру бағдарламасының атауы	7M07503 – Сапа менеджменті және диагностика әдістері мен жүйелері (салалар бойынша)
5	Білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасы	7M07503 – Сапа менеджменті және диагностика әдістері мен жүйелері (салалар бойынша) магистрлік білім беру бағдарламасы стандарттау, сертификаттау және метрология саласында, сондай-ақ талдау саласында іскерліктің тәжірибемен тікелей байланысты оқу саласы болып табылады. және кез

		келген саланың кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмыс сапасын арттыру.
6	БББ мақсаты	Кәсіпорындар мен ұйымдардың кез келген салалық тиесілігі мен ұйымдастырушылық нысандарына қарамастан, олардың қызметін талдау және сапасын жақсарту, сондай-ақ басқару жүйелерін жетілдіру саласында жоғары білікті мамандарды даярлау. Бұл ғылыми зерттеу әдістеріне негізделген сапа менеджменті жүйесінің қағидаттары мен тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мұның өзі басқарудың тиімділігін арттыруға, бәсекеге қабілеттілікті көтеруге, инновацияларды енгізуге және тұрақты даму мен бизнес-процестерді оңтайландыру арқылы Тұрақты Даму Мақсаты 9 қол жеткізуге ықпал етеді.
7	БББ түрі	Инновациялық
8	ҰБШ бойынша деңгей	7
9	СБШ бойынша деңгей	7
10	БББ айрықша ерекшеліктері	Жоқ
11	Білім беру бағдарламасы құзыреттерінің тізбесі:	<i>Жалпы құзыреттер:</i> • Ғылыми-техникалық ақпаратты іздеу, ғылыми-техникалық әдебиеттермен жұмыс істеу, кәсіби тақырыптарда және күнделікті өмірлік жағдайларда тіл тасымалдаушысымен ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасау үшін ағылшын тілін меңгеру. • Сындарлы жүйелі ойлау, трансдисциплинарлық және кросс-функционалдылық дағдыларын меңгеру. • Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) құзыреттерін меңгеру, алгоритмдік тілдерді пайдалана отырып бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу қабілеті. • Тәуелсіз оқыту, білімін тереңдету, жаңа ақпаратқа ашық болу, жүйелі ойлау және өзіндік пікір қалыптастыру дағдыларын меңгеру. • Басқа ұлт, нәсіл, дін, мәдениет өкілдеріне толерантты болу, мәдениетаралық диалог жүргізу қабілеті. • Коммуникативтік қабілеттерді меңгеру, топта жұмыс істеу және ынтымақтастық жасау дағдылары. • Жоғары белгісіздік жағдайында және тез өзгеретін міндеттерде жұмыс істеу, тұтынушы сұраныстарымен жұмыс істей білу. • Кең қоғамдық-әлеуметтік, саяси және кәсіби көзқарасты меңгеру. • Әртүрлі дереккөздер мен арнайы әдебиеттердегі мәліметтерді пайдалану, тарихи фактілер мен оқиғаларды талдау және сын тұрғысынан бағалау қабілеті. • Кәсіпкерлік қызмет пен бизнес экономикасының негіздерін меңгеру, әлеуметтік мобильділікке дайын болу. <i>Кәсіби құзыреттер:</i> • Сәйкессіздіктердің пайда болу себептерін талдау дағдыларын меңгеру. • Техникалық жүйелердегі сапаны басқару саласында басқарушылық шешімдер әзірлеу дағдыларын меңгеру. • Ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне

		негізделген сапаны басқару саласындағы міндеттерді өз бетінше шешу қабілеті. • Сапаны басқару жүйелерін бағалау критерийлерін әзірлеу дағдыларын меңгеру. • Зияткерлік қызмет нәтижелерін құқықтық қорғау мен қорғау әдістерін анықтау дағдыларын меңгеру. • Сапаны басқару міндеттеріне сәйкес процестерді әзірлеу және жетілдіру дағдыларын меңгеру. • Сапаны қамтамасыз ету жүйелеріндегі тәуекелдерді төмендету дағдыларын меңгеру. • Сапаны қолдау мақсатында сапаны қамтамасыз ету жүйелеріне өзгерістер енгізу дағдыларын меңгеру. • Сапаны басқару саласындағы әдістемелік және нормативтік құжаттарды әзірлеу жұмыстарын басқару дағдыларын меңгеру.
12	Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелері:	ОН1 – Сапаны басқару жүйесінің жұмыс істеуі үшін қажетті құжаттардың әзірлеуін ұйымдастыруды және үйлестіруді түсіну. ОН2 – Сапа менеджменті саласында әдістемелік және нормативтік құжаттарды құруда жетекшілік дағдыларын қолдану. ОН3 – Өнімнің (қызметтердің) өлшенетін параметрлерінің дәлдігін қамтамасыз етудің оңтайлы нормаларын қалыптастырудың қажетті құралдарын таңдау бойынша іс-шараларды әзірлеу процесін талдау. ОН4 – Жобаланатын өнім (қызмет) сапасының қажетті параметрлерін анықтау бойынша іс-шаралар жоспарын жасау және әзірлеу. ОН5 – Ұйымда жұмыс істейтін сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудиттерін ұйымдастыру және жүргізу процесін бағалау, сондай-ақ жеткізушілердің сапа жүйелеріне сыртқы аудит жүргізуді ұйымдастыру, бұл белгіленген стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, тәуекелдерді азайтуға, серіктестермен өзара әрекеттестікті жақсартуға және Тұрақты Даму Мақсаты 9-ға қол жеткізуге ықпал етеді. ОН6 – Өнімді сертификаттаудың және сапа менеджменті жүйелерінің теориялық және әдістемелік негіздерін түсіну. ОН7 – Эксперименттік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін талдау, салаларына сәйкес нысандарды физикалық-техникалық бағалау әдістерін әзірлеу.
13	Оқыту түрі	Күндізгі
14	Оқу мерзімі	2 жыл
15	Кредиттер көлемі	120
16	Оқыту тілдері	Қазақ, орыс, ағылшын
17	Берілетін академиялық дәреже	Техникалық ғылымдарының магистрі
18	Әзірлеуші(лер) мен авторлар:	Аймағамбетова Р. Ж., басшы. орынб. «КазСтандарт» Татыбаев М.К., ЭжМИ дир. орынб. Омарова Ж.Б., ССЖМ кафедрасының қауым. проф. Молдабекова А.Н., магистрант 1 курс

4.2. Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)						
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7
Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті										
1	Шет тілі (кәсіби)	Курс ғылыми танымның тарихи дамуы мен философиялық пайымдауы, ғылыми теориялардың эволюциясы, әлемнің ғылыми картиналарын құрудағы ғылыми зерттеудің принциптері мен әдістері тұрғысынан ғылыми танымның негізгі проблемаларын зерделеуге бағытталған. Пән ғылым тарихы мен философиясын зерттеу негізінде сыни және сындарлы ғылыми ойлауды дамыту дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Курс аяқталғаннан кейін магистранттар қазақстандық ғылымды және оның даму перспективаларын құрудағы ғылымның және инженерлік-техникалық қызметтің дүниетанымдық және әдіснамалық мәселелерін талдауды үйренеді.	3	v						
2	Ғылым тарихы мен философиясы	Мақсаты: ғылым тарихы мен философиясын жаһандық және қазақстандық ғылым тұжырымдамаларының жүйесі ретінде зерттеу. Мазмұны: ғылым философиясының пәні, ғылым динамикасы, ғылымның тарихи дамуының негізгі кезеңдері, классикалық ғылымның ерекшеліктері, классикалық емес және постклассикалық ғылым, математика, физика, техника және технологиялар философиясы, инженерлік ғылымдардың ерекшелігі, ғылым этикасы, ғалым мен инженердің әлеуметтік-адамгершілік жауапкершілігі.	3		v					
3	Жоғары мектеп педагогикасы	Курс жоғары оқу орындары педагогикасының әдіснамалық және теориялық негіздерін меңгеруге бағытталған. Пән заманауи педагогикалық технологияларды, жоғары оқу орнында педагогикалық жобалау, ұйымдастыру және бақылау технологияларын, коммуникативтік құзыреттілік дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Курстың соңында магистранттар оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формаларын ұйымдастыру және өткізу, оқытудың белсенді әдістерін қолдану, оқу сабақтарының мазмұнын таңдауды үйренеді. Оқытудың кредиттік технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру.	3					v		
4	Басқару психологиясы	Курс жетекші қызметінің психологиялық механизмдерін білуге негізделген қызметкерлерді тиімді басқару құралдарын меңгеруге бағытталған. Тәртіп шешім қабылдау, қолайлы психологиялық климат құру, қызметкерлерді ынталандыру, мақсат қою, ұжым құру және қызметкерлермен қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Курстың соңында магистранттар басқарушылық қақтығыстарды шешуді, өзіндік имиджді құруды, басқарушылық қызмет саласындағы жағдайларды талдауды, сонымен қатар келіссөздер жүргізуді, стресске төзімді және тиімді көшбасшы болуды үйренеді.	3		v					
Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті										
5	Авторлық құқықты қорғау	Мақсаты: Зияткерлік меншікті тиімді қорғау және бұзушылықтардың алдын алу үшін авторлық құқықты қорғау жөніндегі мамандарды даярлау. Мазмұны: Авторлық құқықты қорғаудың құқықтық аспектілерін зерттеу, өнертабысқа патент алу процедурасы, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгілер. Өнеркәсіптік меншік объектілерінің патентке	5					v		

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)						
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7
		қабілеттілік шарттарын талдау және әртүрлі салаларда зияткерлік меншікті қорғау стратегияларын әзірлеу.								
6	Зияткерлік меншік және ғылыми зерттеулер	Бұл курстың мақсаты магистранттарға ғылыми зерттеулер мен инновациялар контекстінде зияткерлік меншікті (IP) түсіну, қорғау және басқару үшін қажетті білім мен дағдыларды беру болып табылады. Курс АЖ-мен тиімді жұмыс істей алатын, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін қорғай алатын және тәжірибеде қолдана алатын мамандарды даярлауға бағытталған.	5		v		v			
7	Инновациялық технологияларды коммерцияландыру	Мақсаты: Нарықта технологиялық әзірлемелерді табысты енгізу және масштабтау үшін инновациялық технологияларды коммерцияландыру бойынша мамандар даярлау. Мазмұны: ҚР коммерцияландыру жүйесін зерттеу. Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік. Жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу тәсілдерін зерттеу. Өндіріс технологияларын дамыту мен жетілдірудің заманауи бағыттарын зерттеу.	5		v					
8	Сапа менеджменті шеңберіндегі менеджменттің ғылыми зерттеулері	Мақсаты: Сапаны басқаруға бағытталған менеджмент саласындағы ғылыми зерттеулерін игеру. Мазмұны: Менеджменттегі ғылыми зерттеулерге әдіснамалық тәсілдерді зерттеу, сапаны басқарудың заманауи тенденциялары мен әдістерін талдау, сапаны басқару саласындағы ғылыми зерттеу жобаларын әзірлеу және орындау, сондай-ақ ұйымдастырушылық процестердің тиімділігін арттыру үшін алынған нәтижелерді бағалау және қолдану.	5		v				v	
9	Тұрақты дамудың стратегиясының тенденциялары	Мақсат: Магистранттарды экономикалық өсім, әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу үшін тұрақты даму стратегияларына үйрету. Мазмұны: Магистранттар тұрақты дамудың негізгі қағидаттарын, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік факторларды үйлестіруге бағытталған стратегияларды әзірлеу және іске асыру әдістерін зерттейді. Ерекше назар осындай стратегиялардың тиімділігін бағалауға, халықаралық стандарттарды талдауға және әлемдегі озық тәжірибелерді енгізуге аударылады. Курс сонымен қатар тұрақты даму саласындағы табысты жобалардың нақты мысалдарын, мәселелер мен шешімдерді талдауды, сондай-ақ тұрақты даму шеңберінде өз бастамаларын әзірлеуді қамтиды.	5		v		v			
10	Сапаның экономикалық аспектілері	Мақсаты: Өндірістік процестердің тиімділігін арттыру және ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында сапаны басқарудың экономикалық аспектілерін түсінуді қалыптастыру. Мазмұны: Сапаны басқарудың негізгі теориялық тұжырымдамалары мен практикалық тәсілдері, соның ішінде өнім мен қызмет сапасының экономикалық аспектілерін бағалау және басқару әдістері, сапа шығындарын талдау, сапаны жақсартудың экономикалық негізделген стратегияларын әзірлеу, сонымен қатар экономиканың әртүрлі салаларында сапаны басқару жүйелерін енгізудің сәтті жағдайларының мысалдары.	5		v					
Бейіндеуші пәндер циклі ЖОО компоненті										

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит сан ы	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)						
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7
11	Сапа жүйесінің аудиті: тұрақты даму және өндіріс тиімділігі	Мақсат: Магистранттарды сапа жүйелерінің аудитін жүргізуге үйрету, оларды стандарттарға сәйкестендіру және өндірістік процестерді үздіксіз жетілдіру. Бұл кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, басқаруды оңтайландыруға, тәуекелдерді төмендетуге, озық технологияларды енгізуге және ТДМ 9-ға қол жеткізуге ықпал етеді, тұрақты даму мен өндіріс тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді. Мазмұны: Өнім мен қызмет сапасының тұрақтылығы және мүдделі тараптардың, ең алдымен тұтынушылардың қанағаттанушылығының негіздері. Сапа жүйесіне баға беру стандарт талаптарына немесе ұйымның ішкі ережелеріне сәйкестігін анықтауға бағытталған. Нәтижесінде аудит критерийлерімен байланысты ақпарат түріндегі дәлелдемелер алынады.	5					v	v	
12	Сапа менеджменті: стандарттар, инновациялар және тұрақты даму	Мақсаты: Сапа менеджменті теориясы мен практикасын, тұжырымдамалық тәсілдерді, сапа менеджментінің әдіснамалық негіздерін біліммен және дағдылармен қамтамасыз ету. Мазмұны: Стандарттау мен сертификаттаудың негізгі принциптері мен әдістерін зерттеу. Стандарттарды әзірлеу және оларды ұйымға енгізу процестерін қарау. Халықаралық және ұлттық сапа стандарттарын талдау. Сертификаттық аудиттерді дайындау және өткізу бойынша практикалық сабақтар. Стандарттар мен сертификаттау талаптары негізінде сапаны басқару стратегияларын әзірлеу.	5					v	v	
13	Механикалық бақылау әдістері мен құралдары	Мақсаты: магистранттарды өндірістік процестердің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін механикалық бақылау әдістері мен құралдарына оқыту. Мазмұны: механикалық бақылаудың негізгі әдістерін, соның ішінде өлшемдер мен пішіндерді өлшеуді, бұзбайтын бақылау әдістерін, материалдардың беріктігі мен беріктігін сынауды зерттеу. Сапаны бақылау және нәтижелерді түсіндіру үшін өлшеу құралдарын, жабдықтарды қолдану бойынша практикалық сабақтар. Бақылау нәтижелері негізінде деректерді талдау және шешім қабылдау дағдыларын дамыту.	5		v					v
14	Сапамен қамтамасыз ету	Мақсаты: өндірістік процестердің тиімділігін арттыру үшін сапаны қамтамасыз ету саласындағы біліммен және дағдылармен жабдықталған мамандарды даярлау. Мазмұны: сапаны қамтамасыз етудің принциптері мен әдістерін, соның ішінде сапаны басқару жүйелерін, ISO стандарттарын, өнім сапасын бақылау және талдау әдістерін зерттеу. Сапаны қамтамасыз ету құралдары мен әдістерін қолдану, қателерді талдау және процестерді жақсарту бойынша практикалық сабақтар. Клиенттердің сапасы мен қанағаттанушылығын арттыру үшін стратегиялар мен іс-қимыл жоспарларын әзірлеу.	5		v	v			v	
15	Заманауи стратегиялық талдау	Мақсаты: студенттердің ұйымдарды басқаруда табысты қолдану үшін стратегиялық талдаудың заманауи әдістері мен құралдарын терең түсінуін дамыту. Мазмұны: SWOT талдауын, бәсекелестік ортаны талдауды, стейкхолдерлерді талдауды және басқа да заманауи құралдарды қоса алғанда, стратегиялық талдаудың негізгі тәсілдерін зерттеу. Стратегиялық жоспарлаудың қазіргі тенденциялары мен әдістерін талдау. Бизнесінің әртүрлі салаларында стратегиялық шешімдерді әзірлеу және іске асыру бойынша практикалық сабақтар мен кейс-стади өткізу.	5				v			
16	Өзара алмастырудың арнайы мәселелері	Мақсаты: Өзара алмастырудың нақты аспектілері мен олардың әртүрлі салалар мен қолдану салаларындағы маңыздылығы туралы терең түсінік қалыптастыру. Мазмұны: Өзара алмастырудың негізгі тұжырымдамалары мен принциптерін зерттеу. Техникалық жүйелер мен өнімдердегі өзара алмастыруға байланысты ерекше жағдайлар мен проблемаларды талдау. Өзара алмастыруды қамтамасыз ету әдістері мен технологияларын зерттеу. Өнімнің сапасы мен сенімділігіне өзара алмастырудың әсерін зерттеуге арналған практикалық	5			v				

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит сан ы	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)						
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7
		тапсырмалар мен кейс-стади.								
17	Өндірістік және технологиялық жүйелердегі сапаны басқару	Мақсаты: Студенттерге өнім сапасын басқарудың негізгі принциптері мен әдістері туралы түсінік беру, өндірістік процестер шеңберінде талдау, жоспарлау және сапаны бақылау дағдыларын дамыту. Мазмұны: Сапаны басқарудың негізгі ұғымдары, өндірістік процестерді жетілдіру әдістері және өнім сапасын қамтамасыз етудің практикалық тәсілдері. Өндірістік-технологиялық жүйелердегі сапаны тиімді басқарудың заманауи технологиялары мен құралдары.	4				v			v
18	Сапа жүйесіндегі тәуекелдерді, процестерді, персоналды басқару	Мақсаты: Жүйелік талдау негіздерін, жүйелер мен процестердің тәуекелдерін модельдеу және басқару, оларды қолданудың практикалық дағдыларын алу, тәуекелдерді басқару жүйелерін әзірлеу мен енгізудің теориялық негіздерін зерттеу. Мазмұны: Ұйымның тұрақтылығын қамтамасыз ету және нәтижелілігін жақсарту үшін сапа жүйесінде тәуекелдерді, процестерді және персоналды тиімді басқаруға қабілетті мамандарды даярлау.	5				v			
Бейіндеуші пәндер циклі										
Таңдау компоненті										
19	Үнемді өндіріс	Мақсаты: Өндірістік процестерді оптимизациялау және шығындарды азайту үшін үнемді өндірістертерін зерттеу. Мазмұны: Үнемді жобалау, өндірісті үнемді процеске айналдыру шығындарының белгілі бір түрлерін анықтауға, бейтараптандыруға және алдын алуға бағытталған үнемді өндірістік ағын мен құралдарды құру принциптерін қолдану.	5	v						v
20	Визуалды диагностиканың әдістері мен құралдары	Мақсаты: Әр түрлі салалардағы проблемалық аспектілерді тиімді анықтау және талдау үшін визуалды диагностиканың әдістері мен құралдарын зерттеу. Мазмұны: Деректерді визуализациялау, визуалды аналитика, деректерді бейнелеу жүйелері, мәліметтер модельдері мен құрылымдарын зерттеу, визуалды логика саласындағы заманауи тәсілдер.	5	v						v
21	Өнім сапасын бақылау әдістері	Мақсаты: Стандарттар мен талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету, сондай-ақ тұтынушылардың қанағаттанушылығын арттыру мақсатында өнім сапасын бақылау әдістерін зерттеу. Мазмұны: Пән магистранттарға өндірістік процестердегі дәлдіктің, сенімділіктің және стандарттарға сәйкестіктің маңыздылығын көрсете отырып, әртүрлі салалардағы өнім сапасын тиімді бақылау үшін қажетті білім мен дағдыларды ұсынады.	5	v						
22	Сапа менеджменті жүйесі	Мақсаты: Процестерді үздіксіз жақсартуды және тұтынушылардың қанағаттанушылығын арттыруды қамтамасыз ету үшін сапа менеджменті жүйесінің негіздері мен принциптерін оқыту. Мазмұны: ISO 9001 стандарттарын қоса алғанда, сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) негізгі компоненттерін зерттеу. Стандарт талаптарын талдау және оларды ұйымға енгізу. Сапа саясаты мен стратегиясын әзірлеу. Процедуралар мен нұсқаулықтарды әзірлеу, СМЖ ішкі аудиті бойынша практикалық сабақтар. Клиенттердің қанағаттанушылығын бағалау және СМЖ-дегі өзгерістерді басқару әдістерін зерттеу.	5						v	